



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы Отечественная история History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (4)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Оттепова Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жұматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор турецких языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отепова Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM**Editor-in-Chief**

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitghanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieva

Chernienko Denis Arkadyevich

Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich

Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Zikirbaeva Venera Serikovna

Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otantarikhy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 4. Pp. 1245–
1259
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP/ МРНТИ / IRSTI 930.2

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_4_1245-1259

КОММУНИСТИК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК: ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ (ТАРИХИ АСПЕКТ)

Самат Аманкелдіұлы Есқалиев¹*, Жасулан Куанышевич Айтенов²

¹А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты,
(М.Жұмабаев көш., 4, 010000 Астана, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
<https://orcid.org/0000-0002-6664-1738>, E-mail: Samat.Eskaliev@mail.ru

²А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты,
(М.Жұмабаев көш., 4, 010000 Астана, Қазақстан Республикасы)

²Alikhan Bokeikhan University,
(Мәңгілік ел көш., 11, 070000, Семей, Қазақстан Республикасы)
Тарих магистрі
<https://orcid.org/0000-0002-6366-3528>, E-mail: i-10-off@bk.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2025

© Есқалиев С.А., Айтенов Ж.К. 2025

Аңдатпа. *Аңдатпа.* Мақалада кеңестік мемлекеттіліктің және коммунистік партияның басшылығымен кеңестік саяси жүйенің қалыптасуы мен дамуы, әсіресе оның Қазақстандағы ерекшеліктері тарихи-сыни тұрғыда талданады. Тарихи әдебиеттердің молдығына қарамастан, бұл мәселе қазіргі кезеңде жан-жақты зерттеуді талап етеді, өйткені кеңестік дәуірдегі фактологиялық мұра партия саясатын біржақты дәріптеуге бағытталған. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеу кеңестік билік жүйесінің түпкілікті қалыптасуында партия мен мемлекет арасындағы шекараның жойылып, біртұтас партиялық-мемлекеттік басқару моделінің орнығу әдістерін, идеологиялық негіздерін, әкімшіл-әміршіл модельдің орнығу жолдарын объективті түрде зерделеуге бағытталған. Кеңестер формалды түрде биліктің жоғарғы органы болып танылғанымен, нақты саяси шешімдер тек Коммунистік партияның орталық құрылымдарында қабылданды. Бұл жағдай партия мен кеңес құрылымдарының функционалды кірігуін, сондай-ақ саяси монополияның орнығу үдерісін айғақтайды. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу барысында партияның кадрлық және идеологиялық саясаты, нормативтік-құқықтық тетіктер, орталықтандыру құралдары мен әміршіл-әкімшіл жүйенің институционалдық негіздері жан-жақты сипатталған. Авторлар кеңестік тарихнамадағы біржақты сипаттағы дереккөздерге, сондай-ақ отандық (Б. Аяған, Т. Омарбеков), ресейлік (Н.С. Симонов) және батыс (Р. Пайпс, К. Каутский) зерттеулерге сүйене отырып, сондай-ақ кеңестік тоталитарлық жүйенің тарихи-идеологиялық логикасын түсіндіре отырып, бұл тәжірибені посткеңестік кеңестік аясында жаңаша бағалауды ұсынады. *Нәтижелері.* Дискурстық талдау негізінде партия мен кеңес институттарының өзара әрекеті, билік вертикалінің қалыптасуы мен пролетариат диктатурасы

ұғымының мәні талданған. Зерттеу кеңестік жүйенің тарихи актандақтарын ашып, партия–мемлекет симбиозының тоталитаризмге апаратын құрылым болғанын дәлелдейді. *Қорытынды.* Зерттеу нәтижелері кеңестік дәуірді объективті бағалауға және посткеңестік кеңістіктегі саяси институттардың тарихи негіздерін ұғынуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: революция, большевиктер, Кеңес Одағы, коммунистік партия, Ленин, пролетариат диктатурасы, әкімшіл-әміршіл жүйе, теңдік, тапсыз қоғам.

Дәйексөз үшін: Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К. Коммунистік партия мен кеңестік мемлекеттілік: тоталитарлық жүйенің институционалдық эволюциясы (тарихи аспект) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. 1245–1259-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1245-1259

КОММУНИСТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ И СОВЕТСКАЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТЬ: ИНСТИТУЦИОНАЛЬНАЯ ЭВОЛЮЦИЯ ТОТАЛИТАРНОЙ СИСТЕМЫ (ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)

*Самат Амангельдинович Ескалиев*¹ *, *Жасулан Куанышевич Айтенов*²

¹Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова
(ул. М. Жумабаева, 4, 010000 Астана, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, профессор
<https://orcid.org/0000-0002-6664-1738>, E-mail: Samat.Eskaliyev@mail.ru

²Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова
(ул. М. Жумабаева, 4, 010000, Астана, Республика Казахстан)
²Alikhan Bokeikhan University, (ул. Мангилик ел, 11, 070000, Семей, Республика Казахстан)
Магистр истории
<https://orcid.org/0000-0002-6366-3528>, E-mail: i-10-off@bk.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К. 2025

Аннотация. *Аннотация.* В статье проводится историко-критический анализ становления и развития советской государственности и политической системы под руководством Коммунистической партии, с особым акцентом на особенности этого процесса в Казахстане. Несмотря на обилие исторической литературы, данная проблема требует всестороннего переосмысления, так как фактологическое наследие советской эпохи носит односторонний, идеологизированный характер. *Цель и задачи.* Исследование направлено на объективное осмысление механизмов формирования партийно-государственной модели управления, стирания границ между партией и государством, идеологических основ и административно-командной модели власти. Хотя Советы формально считались высшими органами власти, реальные политические решения принимались исключительно в центральных структурах Коммунистической партии, что свидетельствует о функциональном слиянии партийных и государственных органов и процессе установления политической монополии. *Материалы и методы.* В статье подробно рассматриваются кадровая и идеологическая политика партии, нормативно-правовые инструменты и институциональные основы централизованного административного управления. Авторы опираются на отечественные (Б. Аяган, Т. Омарбеков), российские (Н.С. Симонов) и западные (Р. Пайпс, К. Каутский) исследования, а также на односторонние источники советской историографии, предлагая новое прочтение тоталитарного опыта в постсоветском контексте. *Результаты.* На основе дискурсивного анализа исследуется взаимодействие партийных и советских институтов, вертикаль власти и концепт диктатуры пролетариата. *Заключение.* Результаты исследования способствуют объективной оценке советского периода и осмыслению исторических основ политических институтов постсоветского пространства. **Ключевые слова:** революция, большевики, Советский Союз, Коммунистическая партия, Ленин, диктатура пролетариата, административно-командная система, равенство, бесклассовое общество.

Для цитирования: Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К. Коммунистическая партия и советская государственность: институциональная эволюция тоталитарной системы (исторический аспект) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. С. 1245–1259. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1245-1259

THE COMMUNIST PARTY AND SOVIET STATEHOOD: THE INSTITUTIONAL EVOLUTION OF THE TOTALITARIAN SYSTEM (HISTORICAL ASPECT)

Samat Yeskaliyev¹, Zhassulan Aitenov²

¹A.K. Kusainov Eurasian Humanities Institute
(M. Zhumabayev St., 4, 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Professor
<https://orcid.org/0000-0002-6664-1738>, E-mail: Samat.Eskaliyev@mail.ru

²A.K. Kusainov Eurasian Humanities Institute
(M. Zhumabayev St., 4, 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)
²Alikhan Bokeikhan University, (Mangilik el St, 11, 070000, Semey, Republic of Kazakhstan)
Master of History
<https://orcid.org/0000-0002-6366-3528>, E-mail: i-10-off@bk.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Eskaliyev S.A., Aitenov Zh.K. 2025

Abstract. Introduction. This article presents a historical-critical analysis of the formation and development of Soviet statehood and the political system under the leadership of the Communist Party, with particular attention to its specific features in Kazakhstan. Despite the abundance of historical literature, this topic still requires a comprehensive reassessment, as the factual legacy of the Soviet era largely reflects a one-sided glorification of party policy. *Purpose and objectives.* The research aims to objectively examine the mechanisms of establishing the party-state governance model, the elimination of boundaries between party and state structures, ideological foundations, and the formation of the administrative-command system. Although the Soviets were formally considered the highest authority, real political decisions were made exclusively within the central organs of the Communist Party. This reflects the functional merger of party and state structures and the process of establishing political monopoly. *Materials and methods.* The study comprehensively analyzes party personnel and ideological policies, regulatory mechanisms, tools of centralization, and the institutional foundations of the authoritarian system. The authors draw on domestic (B. Ayagan, T. Omarbekov), Russian (N.S. Simonov), and Western (R. Pipes, K. Kautsky) scholarship, as well as ideologically biased Soviet sources, to propose a new interpretation of totalitarian experience in the post-Soviet context. *Results.* Based on discourse analysis, the article examines the interaction between party and soviet institutions, the formation of vertical power, and the concept of the dictatorship of the proletariat. *Conclusion.* The findings contribute to an objective assessment of the Soviet era and help understand the historical foundations of political institutions in the post-Soviet space.

Keywords: Revolution, Bolshevik movement, Soviet Union, Communist Party, Lenin, dictatorship of the proletariat, administrative-command system, social equality, classless society.

For citation: Eskaliyev S.A., Aitenov Zh.K. The Communist Party and Soviet Statehood: The Institutional Evolution of the Totalitarian System (Historical Aspect) // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No 4. Pp. 1245–1259. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1245-1259

Кіріспе. Коммунистік партияның жетекшілігімен кеңестік құрылыстың қалыптасу және даму кезеңіне арналған тарихи әдебиеттердің көптігіне қарамастан, бұл мәселе қазіргі кезеңнің өзінде жан-жақты және тиянақты зерттеуді талап етеді. Әсіресе, кеңестік кезеңде жарияланған көп көлемді фактологиялық мұра – жетпіс жыл Коммунистік партияның нұсқауымен өз саясатын баламасыз дәріптеуге арналғандықтан, өткен оқиғалар тек біржақты, қоғамның дамуына ықпалы жоқ, талдаусыз берілген.

Соңғы уақытта кеңестік кезең тарихын бағалауда мемлекеттік құрылыс саясатының тек теріс қырларын көрсетуге бейім үрдіс байқалады. Алайда, тарихи шындықты толыққанды түсіну үшін кеңестік билік жүргізген саяси стратегиялардың әдістері мен түрлерін, сондай-ақ олардың жағымды және жағымсыз нәтижелерін объективті тұрғыда сараптау қажет. Кеңестер Одағында жетпіс жылға жуық уақыт бойы тарихта бұрын-соңды болмаған әлеуметтік-экономикалық жүйе қызмет етті. Утопистік ойшылдар белгілі бір тарихи кезеңде қоғамды әділетті түрде ұйымдастырудың негізі ретінде «теңдік», «қанауды жою» және «тапсыз қоғам құру» идеяларын алға тартты. Бұл идеялар өз кезегінде езілген бұқара халықтың үмітін бейнеледі. Кеңестік биліктің негізін қалаған коммунистік партия жетекшілері осы утопиялық тұжырымдамаларға сүйене отырып, бүкіл ел көлемінде жаңа үлгідегі мемлекеттік құрылым мен басқару тәжірибелерін қалыптастыруға ұмтылды. Сондықтан кеңестік тәжірибелерді талдау мен олардың іске асырылу механизмдерін зерделеу тек өткенді түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мен бүгінгі қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту тұрғысынан да маңызды болып табылады.

Осы мақалада кеңестік саяси жүйенің институционалдық трансформациясы, партия-мемлекет симбиозының қалыптасу логикасы, пролетариат диктатурасы тұжырымдамасының идеологиялық негіздемелері, сондай-ақ әкімшіл-әміршіл басқару үлгісінің орнығу тетіктері кешенді түрде зерттеледі. Зерттеу кеңестік мемлекеттіліктің құрылу үдерісін посттоталитарлық және постколониалдық теориялық-методологиялық ұстанымдар негізінде қарастыруды мақсат етеді. Бұл тұрғыда кеңестік кезеңде үстем болған идеологиялық догмалар мен біржақты интерпретацияларға негізделген дереккөздер мен тарихнамалық зерттеулер сыни тұрғыдан қайта сарапталып, партиялық-саяси стратегиялар мен басқару үлгілерінің шынайы мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктерін объективті пайымдауға ұмтылыс жасалады.

Зерттеу кеңестік жүйенің тарихи-идеологиялық легитимация тетіктерін, билік пен идеология арасындағы өзара тәуелділікті және саяси институттардың функциялық трансформациясын ұғынуға бағытталған. Мақалада қолданылған тәсілдер тарихи-салыстырмалы және дискурстық талдауға негізделіп, кеңестік кезеңдегі басқару тәжірибесін ғылыми рефлексиялау үшін заманауи теориялық құрылымдармен ұштасады. Әсіресе, Кеңестік билік формасының Қазақстан аумағына енгізілуі жергілікті халықтың тарихи, мәдени және саяси ерекшеліктерімен өзара күрделі қарым-қатынаста жүзеге асқан үдеріс болды. Кеңес үкіметінің ресми идеологиялық дискурсында биліктің «төменнен», яғни еңбекшілердің тікелей бастамасымен қалыптасуы туралы ұстаным жарияланғанымен, Қазақстан жағдайында бұл модель көбінесе «жоғарыдан» күштеп тану мен енгізу әдістері арқылы іске асты. Республиканың кеңістігінде большевиктік билікті қабылдау біркелкі жүрмей, аймақтарда стихиялық қарсылықтарға, көтерілістерге, саяси сенімсіздікке алып келді. Бұл кеңестік биліктің қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымдарына бейімделмеуінен, сондай-ақ орталықтың әкімшілік-әміршіл механизмдерді басым қолдануынан туындады.

Зерттеу барысында кеңестік мемлекеттіліктің Қазақстанда қалыптасу ерекшеліктерін талдау арқылы тоталитарлық жүйенің институционалдық негіздері мен партия-мемлекет симбиозының тарихи-идеологиялық түп-тамыры айқындалады. Сонымен қатар, кеңестік биліктің енгізілу тәсілдерінің отарлық сипатқа ие болуы және бұл жағдайдың билік легитимдігіне, әлеуметтік қолдауға, әрі қарайғы саяси трансформацияларға ықпалы сараланады.

Бұл мәселе бірнеше теориялық және әдіснамалық түйткілдермен ұштасып жатыр. Кеңестік жүйе ұзақ уақыт бойы «бірден-бір дұрыс модель» ретінде ұсынылғандықтан, балама интерпретацияларға жол берілмеді. Кеңестік тарихнамада партия мен кеңестердің рөлін шексіз дәріптеу, пролетариат диктатурасын «объективті қажеттілік» ретінде көрсету белең алды. Ал қазіргі кезеңде кеңестік тоталитаризмді немесе Сталиндік билікті ақтауға тырысатын жаңа дискурстардың пайда болуы бұл тақырыпты қайта қарастыру қажеттілігін арттыра түседі.

Кеңес дәуіріндегі зерттеулер идеологиялық бақылау аясында жүргізіліп, партия тарихы мен мемлекеттік құрылымды негізінен ВКП(б)-ның ресми ұстанымына сәйкестендіріп сипаттаған. Кеңестік тарихнаманың алғашқы кезеңінде (1917–1930 жж.) М.И. Туган-Барановский [Туган-Барановский, 1919: 116], А. Аргунов [Аргунов, 1918: 25], Л. Крицман [Крицман, 1926], А. Шестаков [Залесский, 2000] сынды революцияны таптық тұрғыдан түсіндіріп, пролетариат диктатурасы заңдылық ретінде қарастырылды. А. Шестаков Институтта «Қысқаша КСРО тарихы курсы» (1937) атты мектеп оқулығын құрап, кеңес тарихын «ғылыми» түрде насихаттауға іргетас қалады. Дегенмен, кейін сын айтылуы мүмкін тұстары бар: бұл шығарма идеологиялық кешендерге бейім келеді, шынайы тарихтан гөрі мақсатты идеализацияны көздейді. Сталиндік кезеңде тарихи

тұжырымдамалар догмаға айналып, тарихи шындық біржақты насихатпен алмастырылды. 1980-жылдардан бастап, қайта құру дәуірінде (М.П. Ирошников, Н.С. Симонов) [Ирошников, 1966] [Симонов, 1993] зерттеушілер мемлекеттік аппарат пен билік механизмдерін сыни тұрғыдан қарастырып, объективтіәлеуметтік жақтарға назар аударды.

Қазақстандық тарихнамада да бұл мәселе әркелкі сипатта зерттелді. Б. Аяған [Смутное время, 2014], Т. Омарбеков [Омарбеков, 2003], Ж. Абсеметова [Абсеметова, 2019] сынды ғалымдар Кеңес билігінің Қазақстанда орнығу ерекшеліктерін, оның отарлық сипаттағы әкімшіл-әміршіл механизмдерін нақты мұрағаттық деректермен негіздеп көрсетті. Батыс авторы Р. Пайпс [Ричард Пайпс] пайымынша, партия мен мемлекеттің монополиялануы әлеуметтік тұрақтылық пен саяси бақылауды қамтамасыз еткенімен, бұл – қоғамның бақылау механизмі, зерттеу логикасы емес. Яғни саяси биліктің «тиімділігі» емес, дерлік толық бақылау тетігі екенін көрсетті.

Материалдар және зерттеу әдістері. Зерттеудің деректік негізін кеңестік кезеңге қатысты архивтік және нормативтік материалдар, партиялық-саяси құжаттар, ресми баяндамалар мен Кеңес үкіметінің заңнамалық актілері құрайды. Атап айтқанда, РК(б)П мен БК(б)П съездерінің материалдары, Қазақстан Компартиясының пленумдарындағы қаулылар, 1918 жылғы РКФСР Конституциясы, 1924 және 1936 жылдардағы КСРО конституциялық актілері, сондай-ақ Қазақстандағы кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы әкімшілік шешімдер мен нормативтік құқықтық актілер зерттеудің негізіне айналды.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс кеңестік билік моделінің Қазақстандағы енгізілу ерекшеліктерін жалпыодақтық тәжірибемен салыстыра қарастыру үшін қолданылды. Жүйелі-құрылымдық талдау партия мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың институционалдық сипатын, билік тармақтарының құрылымдық иерархиясын анықтауға бағытталды. Дискурстық талдау әдісі арқылы партиялық құжаттар мен идеологиялық мәтіндердегі «пролетариат диктатурасы», «революция», «орталықтандыру» сияқты ұғымдардың мазмұны, оларды қолдану контекстері мен тарихи трансформациясы зерделенді. Сондай-ақ, деректанулық талдау негізінде ресми құжаттар мен партиялық шешімдердің саяси және идеологиялық салмақтық сипаты анықталды.

Зерттеу әдістерінің үйлесімді қолданылуы кеңестік партиялық-мемлекеттік құрылымның эволюциясын, Қазақстандағы енгізілу механизмдерін және идеологиялық негіздерін тарихи-сыни тұрғыда жан-жақты ашуға мүмкіндік берді.

Талқылау. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, Қазақстандағы кеңестік билік жүйесі шынайы демократиялық институттарға емес, орталықтандырылған партиялық құрылымға негізделген. Кеңестер – бастапқыда халық билігінің органы ретінде қарастырылғанымен, шын мәнінде партияның саяси құралдарына айналды. Лениндік және сталиндік тұжырымдар коммунистік партияны барлық мемлекеттік құрылымдардан жоғары қоюды көздеді.

Атап айтқанда, Кеңестер құрылымы бастапқыда жергілікті өзін-өзі басқару институттарына ұқсас болғанымен, уақыт өте келе билік толықтай партиялық номенклатура қолына шоғырланып, кеңестер қосалқы рөлге ығыстырылды. Кеңестердің заң шығару, атқару және бақылау функцияларын бір қолға жинақтауы билік тармақтарының бөлінісі қағидасына қайшы келді.

Пролетариат диктатурасы туралы кеңестік тұжырымдама шын мәнінде жұмысшы табының емес, коммунистік партияның үстемдігін қамтамасыз етті. Партия барлық қоғамдық ұйымдардың, оның ішінде кәсіподақтар, кооперативтер, комсомолдар мен жастар одақтарының қызметін бақылауға алды. Пролетариат диктатурасы ұғымының өзі күштеу механизмдерін заңдастырудың құралына айналды.

Партия мен кеңес органдарының бірігуі бұл тек саяси конъюнктураның емес, басқару жүйесін орталықтандыруға бағытталған мақсатты стратегияның нәтижесі. Кеңестік мемлекеттіліктің ерекшелігі заңмен емес, партия ұйғарымымен реттелген билік архитектурасына айналды.

Тарихнамада кеңестік кезеңге баға беруде әркелкі көзқарастар байқалады. Батыс зерттеушілері тоталитарлық жүйені белгілі бір тарихи кезеңдегі қажеттілік ретінде сипаттаса, басқа зерттеушілер бұл режимнің репрессивтік сипатын баса көрсетеді. Кеңес мемлекетінің құрылуы мен дамуы – бір партиялық жүйенің шеңберінде орталықтан басқарылатын, халық еркіндігін шектейтін саяси жүйенің орнығу үлгісі ретінде танылды.

Зерттеу барысында анықталған деректер партияның басқарушылық рөлінің кеңестердің қызметімен тоғыса отырып, орталықтандырылған билік құрылымын қалыптастырғанын көрсетті. Бұл тұжырымдар Т. Омарбеков, Р. Пайпс, А. Рабинович секілді зерттеушілердің пайымдауларымен үндес келеді. Алайда, авторлар кеңестік билік моделі тек диктаторлық сипаты арқылы емес, сонымен қатар

идеологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында да құрылымданғанын айқындайды. Бұл аспектілерді зерттеу — қазіргі посткеңестік саяси жүйелердің қалыптасу ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді және тарихи сабақтарды авторитаризм мен демократия шекарасын қайта пайымдау үшін пайдалануға негіз болады.

Нәтижелер. Жалпы, XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан тарихының кейбір тұстары әлі де болса қалың жұртшылыққа белгісіз. Тарихтың бірпартиялық әдіснамасы үстемдігі жағдайында қалыптасқан кейбір тарихи қағидалардың ықпалы әлі өміршең деп айтуға болады. Кеңес кезеңінің Қазақстандық тарихнамасында қазақ даласында Қазан төңкерісінің *жеңісін көпшілік халық қуана қарсы алды деген пікірлер* бар. Бұл, әрине, шындыққа сәйкес келмейді. Күнделікті өмірдің қиыншылықтарымен өмір сүрген дала тұрғындары 1917 жылғы өзгерістер мен одан кейін болған азамат соғысының түпкі мақсатына аса мән бермеді. Бұл жерде: «...халық, бұған дейін болмаған және ол кезде түсініксіз коммунистік құрылымды социальды түсіністікпен қалай қарсы ала алды?»-деген шынайы сұрақ өзінен-өзі туындайды. Оның үстіне қазақ халқы «социализмді енгізуге» жоғарыдағы биліктің кезекті әкімшіл-әміршіл күштеу әрекеті ретінде қарады [Койгелдиев, 2009: 13].

Большевиктердің революция нәтижесінде билікті қолдарына алуы туралы алғашқы еңбектерде Ресейлік авторлар М.И. Туган-Барановский, А. Аргунов, Н.В. Свяцкий [Свяцкий, 1924: 48] Кеңес үкіметінің заңдылығын жоққа шығарып, қарсы ұстанымдағы көзқарасты қолдады [Туган-Барановский, 1919: 18]. Осы тақырыптағы тарихшы-марксистердің алғашқы жұмыстары айқын саяси бағытта еді [Пионтковский, 1923: 115]. 1920 жылдардың ортасында шыққан еңбектерге тән, революцияның екі бағытты сипаты туралы көзқарас үстем болып келді. Айтарлық, Л. Крицман қазан оқиғаларына «Антифеодалдық және антикапиталистік революцияның сәйкестігі» ретінде сипаттама берді [Крицман, 1926: 148]. Большевиктер өз партиясының қызметін идеологиялық жағынан негіздеу үшін Халық ағарту комиссариаты жанынан большевиктердің Ресей коммунистік партиясы тарихын зерттейтін *Истпарт* комиссиясын 1920 жылы құрды. Сөйтіп, истпарт комиссиясы революция және партия тарихын жазуды ВКП(б)-ның тікелей қадағалауымен зерттеулер жүргізуге кірісті. Мысалы, 1927 жылы революцияның 10-жылдығы сериясы бойынша еңбектер шыға бастады. Соның ішінде, большевиктер партиясының шаруалармен одағын ерекше етіп көрсетуге арналған қомақты кітап А.В. Шестаковтың «Большевики и крестьянство в революции 1917 года». Автордың жаңа үкімет тұсында қандай қызмет атқарғанын қазіргі кезеңдегі Ресейлік басылымда «А.В. Шестаков «буржуазиялық идеологиямен күресу және кеңестік ғылымның жетістіктерін насихаттау» атты маркстік тарихшылар қоғамының жетекшісі және негізін қалаушыларының бірі болды. 1925 жылы негізі қаланған «қоғам» тарихты большевиктер партиясының ресми идеологиясына бейімдеп, жүйелі түрде бұрмалауға кірісті. 1937 жылы «КСРО тарихының қысқаша курсы» бастауыш мектептерге арналған алғашқы кеңестік тарих оқулығы еді. Ол нақты ғылыммен ешқандай байланысы жоқ, ең жағымсыз басылымдардың бірі болды [Залесский, 2000: 432].

XX ғ. 30 жылдары КСРО-да әкімшіл-әміршіл жүйемен қатар, насихаттау-идеологиялық режимі де қалыптасты. Саясат тарих ғылымының тұжырымдамаларының қалыптасуында шешуші рөл атқарды, ал нақты зерттеулер И. Сталиннің тарихи көзқарастарымен салыстырыла талданатын болды. 1931 жылы И. Сталин «Пролетарлық Революция» журналына «Большевизм тарихының кейбір мәселелері» атты хатын жолдап, Е.М. Ярославцевтің редакциясымен шыққан төрт томдық «ВКП(б) тарихы» еңбегінің авторларын сынайды [Сталин]. Ол 1937 жылы партия тарихын құрастырушыларына «ВКП(б) тарихы оқулығы туралы» хатында «*Менің ойымша ВКП(б) тарихы оқулығының қанағаттанарлықсыз болуының үш негізгі себебі бар. Олар ВКП(б) тарихын ел тарихымен байланыстырмай бергендіктен, ағымдағы күрес оқиғалары мен фактілерін баяндаумен, қарапайым суреттеумен шектелгендіктен, оларға қажетті маркстік түсініктің болмағанынан зардап шегеді*» (К изучению истории: Сб. Ст. / И.В. Сталин. – Москва, 1937. -С.28.). Сөйтіп, XX ғасырдың 30-жылдары тарих ғылымында Кеңес қоғамының және партиялық жүйенің қалыптасу тарихы — сталинизм идеологиясының толық үстемдігі жағдайында, оның догмаға айналуы нәтижесінде шынайы көрінісін таба алмады. И.В. Сталиннің «Пролетарлық революция» журналының редакциясына жазған хатынан кейін, тарих ғылымын жан-жақты сынау күшейді. Елдің ғылыми орталықтарындағы сынға ұшыраған ғалымдар жаппай қудалана бастады [Бабиченко, 1990: 80].

Хрущевтік жылымық кезеңінде аталған тақырыпқа арналған бірнеше еңбектер шықты. Соның ішінде, М.П. Ирошниковтың «Создание Советского центрального Государственного аппарата: совет Народных комиссаров и народные комиссариаты» атты жұмыстың мақсаты 1917 жылғы қазан айынан 1918 қантарға дейінгі кезеңдегі Халық Комиссарлары Кеңесі мен халық комиссариаттарының

тарихын зерттеу болып табылды. Бұл белесті В.И. Ленин пролетарлық революцияның бірінші кезеңі, яғни Кеңес өкіметінің салтанатты шеруі ретінде сипаттағаны белгілі. Зерттеуге тартылған баспа және мұрағат материалдарының негізінде автор жылымық кезеңіндегі көтерілген мәселелердің негізгі сәттерін нақтылауға және сонымен байланысты маңызды оқиғаларды сипаттауға әрекет жасаған. Алайда, Кеңес мемлекеті мен қоғамының бүкіл тарихымен тығыз байланысты, Халық Комиссарлар кеңесі мен халық комиссариаттарының бастапқы тарихының барлық мәселелері толық және жан-жақты зерттелмеді. Бұл зерттеуде Петроградтағы қазан қарулы көтерілісі жеңгеннен кейінгі алғашқы айларда Халық Комиссарлар кеңесі мен халық комиссариаттарының құрылуы және олардың жұмысын ұйымдастыру тарихы қарастырылған. Зерттеуде Кеңес үкіметінің халық комиссарларының қарамағына жіберілген «сенімді» өкілдерінің кеңестік мемлекеттік аппаратын құруға белсенді қатысуын сипаттауға ерекше назар аударған [Ирошников, 1966: 129]. Осындай сарында жазылған еңбектер қайта құру кезеңіне дейін жарық көрді.

1980 жылдардың ортасынан бастап, дәстүрлі тарихнамалық тұжырымдама біртіндеп қайта қарала бастады. Бұрын зерттелуге тиым салынған тақырыптар, акtandaқтар қайта қаралып большевиктердің пролетариат диктатурасы, тоталитарлық режимнің ішкі саясаты талданып, сыналды. Дегенмен, соңғы уақыттарда тоталитарлық жүйені, Сталиннің саясатын ақтауға бағытталған көзқарастар да байқалады. Тарихшы Ю.С. Борисов 30-жылдардың аяғына қарай әкімшілік-жазалау және насихаттау-идеологиялық режимінің қалыптасуының аяқталғаны туралы тұжырым жасайды. Л.А. Гордон және Э.В. Клопов демократиялық централизмнің демократиялыққа емес, әміршіл-әкімшіл және деспоттық жүйеге айналғанын атап көрсетеді. Н.С. Симонов болса аталған билік режимінің мәні туралы *«мүмкін, осындай билік режимі жекелеген елде Маркстің идеясын жүзеге асыруда пролетариат диктатурасын орнатудың табылған формасы болар»*, – деп қорытынды жасайды [Симонов, 1993: 56].

Қарастырылып отырған кезеңге арналған «Белгілі тарихтың белгісіз парақтары» зерттеуінің авторлары Б. Аяған, А. Ауанасова, Е. Нұрпейсов кеңестер билігінің қалыптасуы және оның Қазақстанға ықпалы тарихын қарастырады. Еңбекте кеңестік саяси жүйесіне «кеңестік мемлекеттілік» пен тоталитаризм жүйесіне әділетті баға берілген [Смутное время, 2014: 221].

Профессор Т. Омарбеков еңбегінде Қазақстан тарихының XX ғасырдағы қайшылықты кезеңдеріне, кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарға, мұрағат деректері мен құжаттары негізінде талдау жасап, тәуелсіз Қазақстан тарихының жетістігі тұрғысынан ғылыми баға береді [Омарбеков, 2003: 502].

Ж. Абсеметованың еңбегінде Қазақстанда большевиктер партиясының құрылуы және партия мекемелері құрылымдарының қалыптасу үдерісі баяндалған. Партия органдарының мемлекеттік құрылымдарымен бірігуі архив деректері негізінде зерттелген. Партияның шағын бір топ номенклатуралық элитасының халықтың атынан басқарғандығы атап көрсетілген [Абсеметова, 2019: 188].

Қайта құру кезеңінен бастап, тарихшылар Кеңестер Одағында социализмді құрудың Сталиндік нұсқасынан басқа жолдарды да қарастырды. Айтарлық жаңа экономикалық саясаттың жалғастырылуы немесе тежелуі, нақты тарихи жағдайда таңдаған жолдың дұрыстығы мен бұрыстығы немесе большевиктік революцияның дұрыстығына күмән келтіру. Азамат соғысы жылдарында шетелге кетуге мәжбүр болған орыс эмигранттары большевиктер партия жөнінде «ұлтшыл-большевиктік» және «евразиялық» деп екі түрлі тұжырымдама қалыптастырды.

Айтарлық, ұлтшыл большевизм аясында большевиктер партиясының тарихы интернационалдық ұстанымдардан орыс ұлтшылдығына өту эволюциясы ретінде сипатталды. Қазіргі батыстық тарихи зерттеулерде де ұлтшыл-большевизм тұжырымдамасы кеңінен көрініс тапқан [Давид Бранденбергер, 2009: 280]. Сонымен қатар, қазіргі Ресей тарихнамасында бұл мәселеге нақты ортақ баға берілген жоқ [Агурский, 2013: 521]. Жалпы аталған бағытқа жақын тоталитарлық ағымның өкілдері (Левин М, Джилас М, Конквест Р, Кулешов С, Афанасьев Ю.) социалистік революцияны большевиктер партиясы жүзеге асырған мемлекеттік төңкеріс ретінде сипаттайды. И.В. Джугашвилидің саяси бағыты В.И. Ульянов ілімінің заңды жалғасы болды, ал социалистік жүйе жеке адамның және қоғамның бүкіл жақтарын қадағалап бақылауында ұстады. Тарихшы ғалымдар Сталиндік тоталитарлық жүйе гитлерлік рейхпен іспеттес болып қорқыныш пен үрейге негізделген бірпартиялық саяси жүйесімен ерекшеленгенін атап көрсетеді. Яғни, осы жүйені зерттеушілер мемлекет және билік құрылымдарымен мекемелерінің қызметі жоғары партиялық органдарының басшылығымен жүзеге асқанын нақтылайды.

Жаңғыртып қайта қарау бағыты XX ғасырдың жетпісінші жылдарын Х. Куромии, Ф. Фицпатрик т.б. еңбектерінің жарық көруімен байланыстырылады. Бұл тарихшылар 1917 жылғы оқиғаны пролетарлық революцияның кемшіліктері болғанына қарамастан, Сталиннің саясаты қарапайым халықтың мүддесін білдерген және сауатсыздықты жойып елдің өнеркәсібінің дамуына серпіліс берген үдеріс ретінде қарастырады [Захаровский, 2019, 21: 189].

Батыс тарихшысы Ричард Пайпс «Русская революция» атты іргелі еңбегінде большевизмнің негіздері мен билік үшін күресіне назар аударады, қазан төңкерісінің жүзеге асырылуы нәтижесінде бірпартиялық мемлекеттің қалыптасу ерекшеліктерін талдайды. Тоталитарлық режимнің ішкі саясаты, қызыл террорды айыптап, сипаттама береді.

Е. Гимпельсонның зерттеуінде қазан төңкерісінен кейінгі Ресейдің алғашқы жылдары, кеңестік саяси жүйенің қалыптасуы, кейінгі кеңестік тарихқа әсер еткен әкімшіл-әміршіл саяси жүйенің қалыптасу негіздері, себептері мен алғышарттары талданады. Коммунистік партияның мемлекеттік құрылымға айналуы, бір партиялылықтың пайда болуы, билік пен басқаруды шектен тыс орталықтандыруы, саяси және экономикалық мәселелерді шешудің әкімшілік-репрессиялық әдістері, келіспеушіліктерді басуы, қоғамдық ұйымдарды мемлекет қарамағына алуы, мемлекеттің бюрократияландыруы – негізгі зерттеу бағыты ретінде қарастырады. Кітапта алғаш рет зерттеушілер үшін кеңінен ашылған мемлекеттік және партиялық органдардың деректік қорлары негізінде Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінің тарихындағы оқиғалар жаңаша сипатталған [Гимпельсон, 1995: 145].

1990 жылға дейін жарық көрген Кеңестер Одағының коммунистік партиясының тарихы кітабында, оның тарихы белгілі уақытқа дейін мамандандырылған және өзекті тақырып ретінде асыра мадақталып жазылса, 1990 жылдардан кейін қызықсыз, жағымсыз және маңызды емес тақырыптарға айналды. Қазіргі заман тарихында, КОКП әлемнің және көпұлтты Ресейдің тағдырында елеулі рөл атқарған үлкен саяси күш ретінде белгілі. Сондықтан оның партиялық және мемлекеттік құрылыстағы әр түрлі тәжірибесін тарих үйіндісіне тастамай, білген жөн. Өйткені, қазіргі заманда Ресей мен әлемде бір жағынан партиялар, саяси жүйелер құлдырап жатса, екінші жағынан саяси құрылымдар, қоғамдық қозғалыстар қайта жандануда екені атап көрсетіледі [История Коммунистической, 2023: 251]. Қазіргі әлемде XX ғасырдың зобалаңын тудырған саяси ұйымның күштеу саясатын қайта болдырмау үшін, оның тарихын зерделеу, жариялау және білу өте қажет.

КОКП атауында Кеңес Одағы деп аталатын саяси жүйенің идеологиялық, ұйымдастырушылық және әкімшілік-территориялық негізі кіріктірілген. Уақыт өте келе өзінің атауын өзгертіп отырғанмен, 1918-1925 жж.- Большевиктердің Ресей коммунистік партиясы (РКП(б)), 1925-1952 жж.- Большевиктердің бүкілресейлік коммунистік партиясы (ВКП(б)), 1952-1991 жж. Кеңестер Одағының Коммунистік партиясы (КОКП), шын мәнісінде өзінің органдарының номенклатурасын (төменгі буыннан Орталық аппаратқа дейін), мақсаты мен міндеттерінің жүйелілігін ұстанып отырды.

Алғашқы орыстық маркстік топ сонау 1883 жылы пайда болды. Бұл Г.В. Плехановтың революциялық қызметі үшін патша үкіметі тарапынан қудалануымен шетелде жүргенде Женева қаласында ұйымдастырған «Еңбекті азат ету тобы» еді. Плеханов эмиграцияда маркс ілімімен танысқаннан кейін, оны кең түрде таратушысына айналды. Ол маркс ілімін Ресейде қолдануға болатынын, пролетариат аз санды болса да, өзінің жағдайына байланысты революцияны ұйымдастыруға жеңіл баратын қарымды күш деп уағыздайды.

Коммунистік партия қызметі тарихының бастауы, Ресей социал-демократиялық партиясының 1903 жылы екі жікке большевиктер және меньшевиктерге, ал 1917 жылы түпкілікті екі партияға бөлінуімен басталады. Большевиктер партиясы француз революциясының тәжірибесіне, соның ішінде якобиншілер диктатурасы тәжірибесіне сүйенді, басшылыққа алды. Большевиктер партиясының көсемі В.И. Ленин большевиктерді Якобиншілермен, ал меньшевиктерді Жирондистермен теңестіріп, ымырасыз қарсыластар екенін атап көрсетіп, оларға қарсы қатал күрес жүргізуге шақырды. Ленин партияны ұйымдасқан алдыңғы шептегі жауынгер тобы ретінде қарастырады, оның қатарына қабылданған мүшелері партияның тәртібіне қатаң бағынуы керек еді. Яғни, партияны монолитті, жауынгер, қатал тәртіппен ұйымдастырылған әлеуметтік революцияның, пролетариат диктатурасының құралы ретінде қалыптастырады.

Лениннің 1904 жылы шыққан әйгілі «Қадам алға, екі қадам артқа» кітабында *«Партия бұл тек ұйымдасқан жасақ ғана емес, жұмысшы табының барлық басқа ұйымдарының ішіндегі «ең жоғарғы ұйымдасқан түрі», яғни бүкіл жұмысшы табының ұйымдарына басшылық етуге арналған құрылым. Партия бұқараны дұрыс бағыттап, жүйелі түрде басқара алуы үшін – ол орталықтандырылған принциптер негізінде құрылуы тиіс: біртұтас жарғысы, бірыңғай партиялық*

тәртібі, басында партия съезі тұрған бірыңғай басшылық органы болуы қажет, ал съездер арасындағы кезеңде – бұл рөлді партияның Орталық Комитеті атқаруы керек; мұнда ашылық көпшілікке, жекелеген ұйымдар – орталыққа, төменгі ұйымдар – жоғарғы ұйымдарға бағынуға тиіс. Қазір біз ұйымдасқан партияға айналдық, бұл дегеніміз – биліктің құрылуын, идеялық беделдің билік беделіне айналуын, төменгі буындардың партиялық жоғары органдарға бағынуын білдіреді» [Ленин, 1963: 205] - деп көрсетілген (аударма – автордікі). Демек, Лениннің үзілді-кесілді пайымдауынша революцияның самодержавиені нақты жеңуі дегеніміз пролетариат және шаруалардың диктатурасының орнауы дегенді білдіреді және мұндай жеңіс «занды түрде» және «бейбіт жолмен» құрылған мекемелерге емес, міндетті түрде диктатураға, демек ол әскери күштеуге, қарулы бұқара халыққа, көтеріліске негізделеді. Жеңіс тек қана диктатура түрінде болу керектігін атап көрсетеді. Сонымен бірге, жұмысшы табының, бұқаралық саяси ұйымының революцияны жүзеге асыруы жаңа билікті құрудың келесі сатысы, бүкіл завод, фабрикалары уәкілдерінің өкілеттіліктері болып жұмысшы табы депутаттарының Кеңестері құрылады. Кеңестер бұрын болмаған, халықтың патша билігіне, оның қағидаттары мен заңдарына қарсылықтың өз бетінше күрес формасы. Кеңестер 1905 жылы алғаш пайда болған, 1917 жылы жұмысшылармен құрылған кеңестік биліктің алғашқы тәжірибелі үлгісі. Алғашында, большевиктер Кеңестерді революциялық биліктің нышандары немесе негізі ретінде қарастырды [История Всесоюзной, 1946: 43]. Осы негіздемеге сәйкес алғашқы кеңестік мемлекеттік жүйесінің құрылымдары қалыптаса бастады.

1917 жылдың 24-25 қазан күндері большевиктердің бақылауында болған Жұмысшы және солдат депутаттары Петроград кеңесінің әскери-революциялық комитеті қарулы көтеріліс ұйымдастырып, Қысқы сарайдағы уақытша үкімет министірлерін тұтқындайды. Дәл сол уақытта Смольныйдағы көтерісшілердің штабында II Бүкілресейлік Кеңестердің съезі, елдегі бүкіл билікті қолдарына алғандығын жариялайды.

Қазан төңкерісінен кейін кеңестік билік жүйесінің институционалдық негіздері қалана бастады. Жоғарғы өкілетті орган ретінде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті (БОАК) құрылып, оны Л. Каменев басқарды. Ал атқарушы үкіметтік орган – Халық Комиссарлары Кеңесі (ХКК) құрылып, оның төрағасы ретінде В. Ленин тағайындалды. Осы құрылымдар арқылы Кеңестер билігі ресми түрде бекітіліп, большевиктердің саяси үстемдігі заңдастырылды. Бұл биліктің құрылымы (жоғарғы билік – Кеңестердің бүкілресейлік съезі, оның жұмыстарының аралығында Кеңестердің бүкілресейлік орталық атқару комитеті; атқарушы билік – Халық комиссарлар кеңесінің басшылығымен жүзеге асты) кейінірек 1918 жылдың шілде айында Кеңестердің бүкілресейлік V съезінде қабылданған Ресей Социалистік Федеративтік Кеңестік Республикасының алғашқы конституциясында, пролетариат диктатурасы кеңестік (большевиктік) билік түрінде заңды түрде бекітілді. Елдің бүкіл өнеркәсібін бір орталықтан басқару мақсатында халық шаруашылығының Жоғарғы кеңесі құрылады. Қолдарына тиген билікті сақтау, нығайту үшін контрреволюция және саботаждарға қарсы Бүкілресейлік төтенше комиссиясы, сонымен бірге Қызыл армия және флот құру туралы декрет жарияланды. Сөйтіп кеңестер билігінің жариялануы, мемлекеттің жаңа түрі – Кеңестік социалистік мемлекетінің құрылуы еңбекші халық үшін үлкен үміт алып келді. Алғашқы кезеңде Кеңестер бүкіл елде патша үкіметіне қарсы халықтың өкілетті органдары ретінде құрылса, 1919 жылғы наурыз айында өткен большевиктер партиясының съезінде Кеңестердің жұмысындағы партияның жетекші рөлінің дұрыс еместігін дәлелдеуге тырысқан Сапронов және Осинскийдің тобына соққы беріліп, Кеңестердің жұмысындағы партияның жетекші ролі күшейе берілетіндігі атап көрсетілді. Сонымен қатар, партия қатарындағы сенімсіз мүшелерден алғаш рет тазарту туралы шешім қабылданады [История Всесоюзной, 1946: 142].

Халықаралық социал-демократиялық қозғалыстың көрнекті қайраткері және теоретигі Карл Каутский өз еңбектерінде бір таптың диктатурасының жариялануы шын мәнісінде бір партияның диктатурасы болады, демократияның жойылуына жол ашады, және Лениннің өзі айтқандай жеке адамдардың диктатурасына айналуы мүмкін екеніне назар аударады. Халықтың ақпан революциясы нәтижесінде жеңіп алған демократияны большевиктер жойды. Соған сәйкес большевиктер өздерін социал-демократтар деп атаудан бас тартып, коммунистер деген атауды қабылдады дейді. Каутский екі оқиғаны 1917 жылғы қазан төңкерісінде және 1918 жылдың қаңтар айында болған Құрылтай Жиналысын күшпен таратуында, большевиктерді екі мемлекеттік төңкерісі ретінде қарастырады. 1917 жылдың күзінде Ресейде диктатура революция нәтижесінде дүниеге келді, сонымен қатар ол орталықтандырылған, жан-жақты, шектеусіз бұрын болып көрмеген түрінде еді. Бұл диктатура мүлдем ерекше жағдайлардың үйлесімінің салдары болып табылатын ерекше оқиға ретінде емес, кез-

келген революциялық режим табиғи қажеттілікпен ұласа алатын форма ретінде қарастырыла бастады дейді.

Каутскидің пікірінше, коммунистік партияның демократиядан бас тартуы құрылтай жиналысын таратуы, басқа партияларға тыйым салуы, тым қатал полиция режимін енгізуі, қорытындылай келе бүкіл өндіріс пен айналым үдерісінің негізінен тоқырауы және көпшілік жерде аштық пен жетіспеушіліктің туындауы – осылардың барлығы большевиктер режимінің нәтижелері еді. Большевиктер мемлекетті өз партиясының үлгісі мен ұқсастығы бойынша ұйымдастырды және бүкіл экономикалық өмірді мемлекеттік билікке бағындырды. Бүкіл өндіріс пен айналым аппаратын алып механизмге айналдырды, оның ішкі дүниесінің соншалықты мықты болуы да барлық қоғамды бақылауында ұстауы болатын [Карл Каутский, 2002: 95].

Жалпы, билікті большевиктердің басып алуы көпшілік саяси және қоғамдық топтармен теріс қабылданды. Бірақ белең алған заңсыздық және сананың шатасуы мен абыржу жағдайында, жаңа режим елеулі зияткерлік немесе әскери қарсылық кездестірмеді. Көпшілігі оның салдарын бірден сезінбеді. Большевиктердің алғашқы қарсыластарының бірі философ И.А. Ильин: *«Ресейге жаңа қамыт әкеліп, елді құлдыққа айналдыру үшін оны тізгіндеуге тырысқан қара күш»* - деп айыптаған [Ильин, 2011].

Құрылтай жиналысын тарату арқылы большевиктер өздерінің билігін заңдылықтың барлық түрлерінен айырды. Мұндай саясат большевиктер партиясын, ішкі эволюциясын әскери-саяси типтегі жабық ұйымға, оны мемлекеттің бір бөлігіне айналдыруды алдын-ала анықтап берді. Бұл әрекетпен большевиктер бүкіл елге демократия негіздерін, жеке бас бостандығын жалпыға бірдей сайлау құқығын елемейтінін көрсетті. Оңшыл социалистік революционерлер, меншевиктер және басқа оппозициялық РКП(б) партиялары бейбіт жолмен большевиктерді биліктен алыстатудан үмітін үзді. Енді күрестің қарулы түрлеріне көшу туралы мәселе көтерілді. 1918 жылдың жазында кулактарды алғашқы жаппай тәркілеуден кейін ауқатты шаруалардың саны үш есе қысқарды. Азық-түлік отрядтары мен кедейлер комитеттерінің іс-әрекеттері 1918 жылдың көктемі мен жазында шаруалар бүліктеріне алып келді [Захаровский, 2019: 211].

Құрылтай жиналысының таратылуы әскери-коммунистік идеологияға көшуді белгіледі. Л. Троцкий Құрылтай жиналысының таратылуын «екінші революция» деп атады, өйткені осы оқиғадан тікелей «кеңестік үлгідегі» мемлекеттіліктің дамуы басталды [История России, 2009, 41].

Кеңестердің большевиктерге тартымды болуы, өмірде өз орнын таппаған қоғамның төменге топтары өкілдерінің осы билік ұйымында басым болуында еді. Сондықтан, Кеңестер іс-жүзінде қарумен билікті басып алатын күш ретінде, большевиктердің саясатын шын мәнісінде жүзеге асыратын жалғыз құралы болды. Өйткені, Кеңестермен салыстырғанда өңірлердегі большевиктер бөлімшелерінің саны аз, әлсіз, аймақтарда халық арасында беделі төмен, ұйымдасуы жеткілікті дәрежеде болмады. Большевиктердің мәліметі бойынша 1917 жылдың басында партия мүшелерінің саны шамамен 25-30 мың адамды құрады. Олар, Ресей империясының өнеркәсібі дамуының ерекшелігіне сәйкес, Мәскеу, Санкт-Петербург қалалары, Донбас өңірлерінде шоғырланған ірі завод-фабрикаларында қызмет жасайтын.

Революция нәтижесінде орталықтағы бұрынғы билік мекемелерін жойғаннан кейін, алдын-ала дайындық болмаған соң, өңірлердегі жаңа билік жүйесін құру өте баяу жүрді. Осындай жағдайда, тек Кеңестер билік тетігін ұстап қала алды. Сондықтан большевиктер көсемі Ленин «Еңбекші тұрғындар! Сіздің құрған Кеңестеріңіз – енді мемлекеттік билік құрылымы. Ешкімді күтпей істі төменнен бастаңыз – қатаң революциялық тәртіп орнатыңыздар. Бүкіл билікті өздеріңіздің Кеңестеріңізге шоғырландырыңыздар» - деп үндеу тастады [Ленин, 66-67].

Жергілікті жерлерде Кеңес өкіметі органдары қалыптасуының алғашқы үрдісі Ресей тарихнамасында дәстүрлі түрде кеңес өкіметінің салтанатты шеруі деп аталды. Алғаш рет 1918 жылы наурызда Лениннің аузынан шыққан бұл үрдісті бағалау нақты жағдайына толық сәйкес келмеді, өйткені бұрынғы биліктің кеңестік билікке көшу үрдісі елдің көптеген аймақтарында қанды және қатыгез таптық күрес сипатына ие болды. Бұл фактінің дәлелі сол кезеңде елдің көптеген негізгі аймақтарында өткен оқиғалар болды. Дегенмен, аталған кезеңде көпшілік өңірлік қалаларында кеңес үкіметі бейбіт жолмен орнады. Бірақ, революцияға дейінгі земстволармен салыстырғанда, кеңестер тұрғындардың жергілікті мәселелерді шешетін өзін-өзі ұйымдастырудың тетіктері бола алмай, тек мемлекеттік биліктің төменгі буынына айналып, көп ұзамай олардың ішінде мықты коммунистік топтарды қалыптастыру арқылы большевиктердің толық бақылауына түсті.

Кейбір зерттеушілердің (А. Рабинович, С. Леонов) пайымдауынша, 1918 жылдың көктемінде Кеңес үкіметінің ықпалы әлсірей бастады. Бұған орталық мемлекеттік басқару аппаратының жедел кеңеюі, жаңа әскери және төтенше құрылымдардың пайда болуы және олардың жергілікті билікке толық бағынбауы себеп болды. Сонымен қатар, 1918 жылы наурызда РКП(б) VII съезінде барлық деңгейдегі кеңестердің билік міндетін большевиктік партия комитеттеріне қайта бөлу ресми ұстанымы қалыптасты. Я.М.Свердловтың айтуынша олар, яғни партия өз шешімдерін неғұрлым ашық және батыл түрде жүргізе алады. Көптеген тарихшылардың пікірінше (В. Семьянинов, Г. Бордюгов, В. Козлов), Кеңестер билігінің жергілікті құрылымдарына жаңа соққы 1918 жылдың 11 маусымында ХКК мен РКФСР БОАК (ВЦИК)-тің Комбедтер құру туралы декреті болды, олар азық-түлік наркомы А.Д. Цюрупаның сөзімен айтқанда *«жергілікті жерлерде жаңа тірек болды және жаңа негіз бойынша кеңес өкіметін нығайтты»*. Бұл ауыл кедейлерінің комитеттері параллель билік құрылымдары ретінде әрекет ете бастап, ауқатты, орташа шаруаларды елдің саяси өміріндегі Кеңестерден ығыстырып шығарды. Сонымен қатар, бірқатар тарихшылардың пікірінше (В. Данилов, В. Кабанов), ауыл кеңестерінің әлсіздігіне байланысты деревнялардағы белгілі бір реттеуші қызметтерді дәстүрлі шаруалар қауымы атқара берді.

Бүкіл елдегі «Бүкіл билік Кеңестерге» деген ұран Қазақстанға да тарады. Ең алдымен жергілікті Кеңестер басқармалар мен земстволарды таратты, уақытша үкіметтің қалалық, уездік атқару комитеттері және отарлау билігінің мекемелерін жойды. Атап кету керек, Кеңестердің қызметі негізінен губерния, уез және ішінара болыс орталықтарын қамтып, деревня әсіресе жергілікті ауылдарды қамтымады. Көпшілік жағдайда Кеңестер өзінің іс-жүзіндегі мазмұны жағынан бұрынғы жергілікті өзін-өзі басқару құрылымын қайталап отырды [Абылгожин: 267].

Басында большевиктер революцияны «Бүкіл билік Кеңестерге!» деген желеумен бастады. Өздерінің алғашқы ата-заңында да, бүкіл билік қалалық және ауылдық Кеңестердің біріккен еңбекші тұрғындардың қолында, - деп жариялады. Демек, мемлекеттік жүйеде Кеңестерге толық билік берілетіндігі айтылды. Сонымен бірге, Кеңестер заң шығарушы да, атқарушы да, орындалуына жауап беруші қызметтерді қатар атқаруы тиіс еді. Бір-біріне тәуелсіз билік тармақтарының орнына бірлік және бөлінбеушілік конституцияның негізгі ережесіне айналды. Революциядан кейін, тек алғашқы кезеңінде Кеңестер бұрынғы Ресей империясы кеңістігінде жалғыз билік органы болып, бүкіл билік тетіктерін қолдарына шоғырландырды. Бірақ, 1918 жылдың жазында большевиктер олардың құрамындағы басқа партия өкілдерін ығыстырып, билікті өз қолдарына толығымен алған соң, тек өз партиясының саясатын жүргізеді. Кеңестерге өз бақылауы орнатылғанмен биліктің орталығы партия құрылымдарының буындарына ауысады. Кеңестер біртіндеп қосалқы орынға ығыстырылады. Бұл үдеріс большевиктердің құқықтық актілері арқылы, билік түрлі төтенше басқару құрылымдарына, атап айтсақ төтенше комиссарларға, ревкомдарға, кедейлер комитеттеріне берілуі арқылы жүзеге асты. Сөйтіп, большевиктер партиясы жалғыз саяси күш болып, ал Кеңестер шынайы билігінен айырылып, халық билігінің жасанды формасына айналды.

Осылайша, мемлекетті басқарудың кеңестік жүйеден нақты бас тартуы 1918 жылдың ортасында жүзеге асты. Баламалы аппаратты құру үрдісі басталған кезде мемлекеттік билік партиялық және өзге де арналар арқылы жүзеге асырылды. Бұл кезеңде, ең алдымен, большевиктер партиясының бөлімшелері барлық болыстарда, уездерде уәкілетті және төтенше органдарымен бірге елдің барлық аймақтарында, бүкіл деңгейдегі кеңестердің қызметін толығымен жоққа шығарды, оларды партиялық-әкімшілік органдардың қосымшаларына айналдырды [Кара-Мурза, 2023: 720]. Большевиктер Кеңестерді бұқара халықты басқарудың көп тетігінің бірі ретінде кәсіподақ, жұмысшы комитеттері, комсомол т.б. қатарында көрді. Сөйтіп, бастапқы кезден Кеңестер, пролетариат диктатурасының ұйымдастыру формасы ретінде қарастырылғаны көрінеді.

Пролетариат диктатурасы – өзге идеологиялық ұстанымдарды қабылдамайтын және күшпен басып-жаншуды негізге алған билік формасы ретінде қалыптасты. Бұл жүйенің большевиктік партия жетекшілігімен орнығу ерекшеліктері тарихи әдебиеттерде әртүрлі бағаланған. Айта кету керек, пролетариат диктатурасы идеясы марксизм-ленинизм ілімінде басты орын алады. Маркс және Энгельс алғаш рет оны 1845 жылы «Неміс идеологиясы» атты бірлескен еңбегінде ұсынса, 1849 жылы жарияланған әйгілі «Коммунистік партияның манифесінде» ашып көрсетуге талпынды [Маркс и другие, 1955, 32]. Ал «пролетариат диктатурасы» термині алғаш рет Маркспен 1850 жылы «1848-1850 жж. Франциядағы таптық күрес» атты еңбегінде қолданылды [Сочинение, 1895: 22].

Маркс пролетарлық социализмнің негізгі айырмашылықтарын «Социализм – үздіксіз революцияның жариялануы, пролетариаттың таптық диктатурасы, таптық айырмашылықтар, соған

негізделген өндірістік айырмашылықтарды жоюдың қажетті кезеңі, барлық қоғамдық қатынастарды жою, аталған қатынастардан туындайтын барлық идеялардың төңкерісі» деп сипаттайды [Маркс и другие: 435]. Пролетариат диктатурасы дегеніміз жұмысшы табының жаңа мемлекеттіліктің бүкіл аппаратын өз қолына шоғырландыруы [Ленин, 1963: 108]. Пролетариат диктатурасының қызметінің бірінші көрінісі – күштеу. Ленин өз еңбектерінде буржуазиялық күштеу – керітартпа болса, пролетарлық күштеу – прогрессивті, өйткені ол негізделген және заңды деп тұжырымдайды.

Пролетариат диктатурасы белгілі бір әлеуметтік-саяси механизм арқылы жүзеге асып, жүйенің негізін құрайды. Лениннің ілімі бойынша құрылған жүйе бүкіл қоғамды қамтыды, орталықта және жергілікті орындарда қызметін атқарып, төмендегідей буындардан тұрды:

- «Социалистік мемлекет. Сталиннің пікірінше, пролетариат диктатурасының тікелей көрінісі болып табылады [Сталин: 33]. Сондай-ақ, бұл оның жүйесінің алғашқы буыны және революциялық жетістіктерді қорғау, капитализмді социализмге айналдыру бойынша тікелей ауыртпалықты көтереді;

- Коммунистік партия пролетариат диктатурасы жүйесінде жетекші рөлге ие. Пролетариат диктатурасы – Ленин атап өткендей – тек Коммунистік партия арқылы жүзеге асуы керек. Өйткені компартия пролетариаттың таптық ұйымдасуының жоғарғы формасы;

- Капитализм кезінде кәсіптікодақтар еңбек пен капиталға қарсы күрес органдарынан, социалистік қоғамды құру кезінде шаруашылық және коммунизм мектебіне айналады;

- Кооперация қала мен ауыл халқының едәуір бөлігін – орта, және ұсақ кәсіпкерлерді, колөнершілер мен жеке-дара шаруаларды социализм жолына көшірудің тиімді формасын білдіреді;

- Коммунистік жастар одақтары. Олардың негізгі және ең маңызды міндеті жас ұрпаққа жан-жақты коммунистік тәрбиені жүзеге асыру, жаңа қоғамды белсенді, саналы түрде қалыптастыруға және пролетариат диктатурасының қалған барлық буындары үшін жас, тың күштерді, мамандарды дайындауға белсенді қатысу болып табылады» [Боровиков, 2023: 14]. Пролетариат диктатурасы жүйесінің жалпы құрылымы осындай сипатта келді. Сөйтіп, пролетариат өктемдігі жүйесінің барлық буындары коммунистік партияның басшылығын мойындады және оның ұстанымдарына сәйкес өздерінің қызметін жүргізіп отырды.

Коммунистік партия мүшелеріне арналған «Пролетариат диктатурасы туралы Маркстік-лениндік ілім» атты еңбекте - «пролетариат диктатурасы ұғымы міндетті түрде (жоғарыда талқыланған) белгілі бір зорлық-зомбылық қамтиды. Зорлық-зомбылықсыз сөздің нақты мағынасында диктатура болмайды. Сондықтан пролетариат диктатурасын Коммунистік партияның диктатурасымен сәйкестендіруді мойындау дегеніміз, партия жұмысшы табына қатысты тек басшы, көсем және ұстаз ғана емес, сонымен қатар оларға да зорлық-зомбылық жасайтын өктем күш (диктатор) болуы керек» деп атап көрсетілген [Боровиков, 2023: 20]. Осылайша, маркстік-лениндік ілім өзінің халқына, одан қалды революцияны жүзеге асырған негізгі саяси күш жұмысшы табына қарсы – Коммунистік партия өктемдігін, зорлық-зомбылығын заңдастырып негіздеді. Большевиктер партиясының басшылығының шағын тобы «пролетариат диктатурасы», «кеңестердің толық билігі», «тап күресінің өршуі» деген желеулерді билік үшін күресте идеологиялық қалқан ретінде пайдаланып, саяси билікті өз қолдарына ала бастады.

Қорытынды. Зерттеу барысында кеңестік мемлекеттіліктің қалыптасуында Коммунистік партияның шешуші рөл атқарғаны және партия-мемлекет симбиозы негізінде тоталитарлық басқару жүйесінің орныққаны дәлелденді. Кеңестердің формалды түрде билік органы болып танылғанына қарамастан, нақты шешімдер партиялық аппарат арқылы жүзеге асырылды. Бұл жағдай билік тармақтарының бөлінбеуіне, кеңестердің партиялық бақылау құралына айналуына алып келді.

Қазақстандағы кеңестік билік формасының енгізілуі жоғарыдан күштеп жүзеге асқанын тарихи деректер растайды. Жергілікті халықтың бұл жүйені қабылдауы көбіне саяси қысыммен және идеологиялық үстемдікпен жүзеге асқан. Кеңестік жүйе отарлық сипатта болды: орталықтан басқару, кадрлық саясаттағы теңсіздік, жергілікті өзін-өзі басқару институттарының шектеулі қызметі оның негізгі белгілеріне айналды. Партия жүргізген саясаттың жағымды жақтарына халықты жаппай сауаттандыру мен әлеуметтік мобилділіктің артуы жатса, жағымсыз жақтары ретінде репрессиялық аппараттың құрылуы, пікір алуандығының болмауы және басқарудың бюрократиялық сипат алуы аталды.

Зерттеу нәтижелері посткеңестік кеңістіктегі саяси институттардың тарихи негіздерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ қазіргі авторитарлық және демократиялық модельдердің қайнар көзін айқындауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, кеңестік басқару тәжірибесін ғылыми сын тұрғысынан бағамдау болашақтағы саяси модернизация үрдістеріне де әдістемелік бағдар бола алады.

Кеңестік саяси жүйенің институционалдық эволюциясын зерделеу келешекте бірнеше маңызды зерттеу бағыттарын дамытуға мүмкіндік береді.

Біріншіден, Коммунистік партия мен мемлекеттік аппарат арасындағы билік тепе-теңдігі мен шиеленістерін өңірлік деңгейде талдау, яғни партиялық шешімдердің аймақтардағы іске асу ерекшеліктерін ашуға жол ашады.

Екіншіден, кеңестік басқару үлгісінің посткеңестік мемлекеттердің саяси мәдениеті мен әкімшілік құрылымына әсерін компаративтік негізде зерттеу өзекті болмақ.

Үшіншіден, тоталитарлық жүйе қалыптастырған идеологиялық дискурс пен ұжымдық жадтың қазіргі азаматтық санаға ықпалын әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан зерделеу қажет.

Сонымен қатар, архивтік дереккөздерді жүйелі пайдалану арқылы Қазақстандағы кеңестік биліктің қабылдану деңгейі мен жергілікті халықтың қарсылығын сипаттайтын *микротарихи зерттеулер* жүргізу маңызды. Бұл партиялық аппараттың әрекеттеріне қарапайым азаматтардың реакциясын және биліктің төменгі буындарындағы ресми емес қарым-қатынастарды ашуға көмектеседі.

Осылайша, кеңестік саяси жүйені зерттеу тек тарихи фактологияны нақтылауға емес, сонымен қатар қазіргі Қазақстандағы саяси институттар мен азаматтық қоғамның қалыптасуындағы сабақтастық пен үзілулерді ұғынуға бағытталған іргелі ғылыми негіз бола алады.

Әдебиеттер

- Абсеметова, 2019 – *Абсеметова Ж.* Большевистский режим в Казахстане: становление и укрепление (1920-1933 гг.). Алматы: Казак университеті, 2019. 204 с.
- Абылгожин, 2001 – *Абылгожин Ж.* Казахстан в советском тоталитарном пространстве: историческая динамика // История Казахстана: народы и культуры. Учебное пособие. Алматы: Дайк-пресс, 2001. 267–268 б.
- Агурский, 2013 – *Агурский М.* Идеология национал большевизма. М.: Алгоритм, 2003.; История Коммунистической партии Советского Союза / отв. ред. А. Б.Безбородов; науч. ред. Н. В. Елисеева. М.: Политическая энциклопедия, 2013. 671 с.
- Адамбек, 2029 – *Адамбек Б.К.* Кеңес мемлекетіндегі «Қызыл террор» // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. 2023. № 2(110). 14–19-бб.
- Аргунов, 1918 – *Аргунов А.* Навстречу врагу // Народовластие. Москва. 1918.
- Ахманаев, 2023 – *Ахманаев П.В.* История Коммунистической партии Советского Союза. М.: Фонд «Русские Витязи», 2023. 256 с.
- Бабиченко, 1990 – *Бабиченко Л.Г.* Письмо Сталина в «Пролетарскую революцию» и его последствия // Вопрос истории КПСС. 1990. № 6. С. 78–91.
- Боровиков, 2023 – *Боровиков А.П.* Марксистко-Ленинское учение о диктатуре пролетариата. Москва, 2014. 21 с.
- Гимпельсон, 1995 – *Гимпельсон Е.Г.* Формирование советской политической системы: 1917–1923 гг. М.: Наука, 1995. 232 с.
- Давид Бранденбергер, 2009 – Давид Бранденбергер «Национал-большевизм. Сталинская массовая культура и формирование русского национального самосознания (1931-1956)». (пер. с англ.). СПб.: Академический проект. Издательство ДНК, 2009. 287 с.
- Ескалиев, 2023 – *Ескалиев С.А.* XX ғасырдағы Компартия жүйесінің қалыптасуы тарихнамасының кейбір аспектілері // Справедливый Казахстан: теория и практика политической модернизации в контексте эволюции политических институтов. Сборник статей научного семинара. – Астана: Институт истории государства, 2023. С. 40–41.
- Залесский, 2000 – *Залесский К.А.* Империя Сталина. Биографический энциклопедический словарь. Москва, Вече, 2000. 487 б.
- Захаровский, 2019 – *Захаровский Л.В.* История России советского периода. Екатеринбург: РГППУ, 2019. 211 С.
- Ильин, 2011 – *Ильин И.А.* Национальная Россия. Наши задачи. / И.А. Ильин. Москва; Эксмо, 2011. 464 с.
- Ирошников, 1966 – *Ирошников М.П.* Создание Советского центрального Государственного аппарата совет Народных комиссаров и народные комиссариаты. Октябрь 1917 г. – январь 1918 г. Москва: Наука, 1966. 299 с.
- История Всесоюзной, 1946 – *История Всесоюзной Коммунистической партии (большевиков).* Краткий курс. Под редакцией комиссии ЦК ВКП (б). Одобрен ЦК ВКП(б) 1930 год. ОГИЗ – ГОСПОЛИТИЗДАТ. Москва, 1946. С.223.
- История Коммунистической, 2023 – *История Коммунистической партии Советского Союза* / отв. ред. А. Б. Безбородов; науч. ред. Н. В. Елисеева. М.: Политическая энциклопедия, 2013. 671 с.
- История России, 2009 – *История России с 1917 до 1945 г.г.* Учеб. пособие / С.П. Боброва, О.Е. Богородская, Г.А. Будник и др.; под общей ред. Г.А. Будник / ГОУВПО «Ивановский государственный энергетический университет имени В.И. Ленина». - Иваново, 2009. 200 с.
- Кара-Мурза, 2023 – *Кара-Мурза С.* Советская цивилизация. Москва, Алгоритм, 1 том. 2001. 720 с.
- Каутский, 2002 – *Каутский К.* Диктатура пролетариата от демократии к государственному рабству. Большевизм в тупике. Москва, 2002. АОЗТ «АНТИДОР». 207 С. 11, 95, 143, 159 с.

- Койгелдиев, 2009 – *Койгелдиев М.К.* Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. Алматы, 2009. 448 с.
- Крицман, 1926 – *Крицман Л.* «Героический период Великой русской революции». Москва, Государственное издательство, 1926. 278 с.
- Ленин – *Ленин В.И.* Полное собрание сочинений. Т. 35. С. 66–67.
- Ленин, 1963 – *Ленин В.И.* Полное собрание сочинений. Государственное издательство политической литературы. Москва, издание пятое. 1963. Т. 4, 205–206, 328, 291 с.
- Ленин, 1963 – *Ленин В.И.* Полное собрание сочинений. Государственное издательство политической литературы. Москва, 1963. Т. 39. С.108.
- Маркс и другие – *Маркс К. и Энгельс Ф.* Сочинения. Издание 2-е. Т. 7. С. 91.
- Маркс и другие, 1955 – *Маркс К. и Энгельс Ф.* Сочинения. Издание 2-е. Государственное издание политической литературы. Москва, 1955. 650 с. Т. 3. С. 32–33; Т. 4. С. 435, 437–438, 446.
- Омарбеков, 2003 – *Омарбеков Т.* Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. Алматы: Өнер, 2003. 552 б.
- Пионтковский, 1923 – *Пионтковский С.А.* Октябрьская революция в России, ее предпосылки и ход : популярно-исторический очерк / С. А. Пионтковский; Истпарт, Комиссия по истории Октябрьской революции и РКП(б). М. ; Пг. : Гос. изд-во, 1923. 124 с.
- Пайпс, 1994 – *Пайпс Р.* Русская революция. Ч. 2. Москва: Российская политическая энциклопедия, 1994. 576 с.
- Свяцкий, 1924 – *Свяцкий Н.В.* Крах учредилки (главы из книги). Колчаковщина. Сб. / Под ред. Н. Райвида и В. Быкова. Екатеринбург, 1924.
- Симонов, 1993 – *Симонов Н.С.* Термидор, брюмер или фрюктидор? Эволюция сталинского режим власти: прогнозы и реальность // Отечественная история. 1993. № 4. С. 17.
- Смутное время, 2014 – *Смутное время. Неизвестные страницы известной истории* / Б.Аяган, А.Ауанасова, Е.Нурпеисов. Алматы: ТОО Литера-М, 2017. 320 с.
- Сочинение, 1895 – *Сочинение К. Маркса и Ф. Энгельса.* Изд. 2. Т. 22. С. 519–548; Die Neue Zeit. Bd. 2. № 27 и 28, 1894–1895 гг.; Marx K. Die Klassenkämpfe in Frankreich 1848 bis 1850. Berlin, 1895.
- Сталин – *Сталин И.В.* О некоторых вопросах истории большевизма. Письмо в редакцию журнала «Пролетарская революция» // Сочинения. Т. 13. С. 84–102.
- Сталин – *Сталин И.В.* Сочинения. Т. 8. С. 33.
- Туган-Барановский, 1919 – *Туган-Барановский М.И.* В поисках нового мира. Москва. 1919.

References

- Absemetova, 2019 – *Absemetova Zh.* Bol'shevistkiy rezhim v Kazakhstane: stanovlenie i ukreplenie (1920–1933 gg.) [Bolshevik regime in Kazakhstan: formation and consolidation (1920–1933)]. Almaty: Qazaq universiteti, 2019. 204 p. [in Russian]
- Abylgozhin, 2001 – *Abylgozhin Zh.* Kazakhstan v sovetskom totalitarnom prostranstve: istoricheskaya dinamika [Kazakhstan in the Soviet totalitarian space: historical dynamics]. *Istoriya Kazakhstana: narody i kul'tury*. Uchebnoe posobie [History of Kazakhstan: peoples and cultures. Textbook]. Almaty: Daik-press, 2001. Pp. 267–268. [in Russian]
- Adambek, 2023 – *Adambek B.K.* Keñes memleketindegi «Qyzyl terror» [“Red Terror” in the Soviet state]. *Qaraghandy universitetiniñ habarshısı*. Tarih. Filosofiya seriyası [Bulletin of Karaganda University. History. Philosophy Series]. 2023. № 2(110). Pp. 14–19. [in Kazakh]
- Agurskiy, 2013 – *Agurskiy M.* Ideologiya natsional bol'shevizma [Ideology of National Bolshevism]. Moscow: Algoritm, 2003.; *Istoriya Kommunisticheskoy partii Sovetskogo Soyuz* / otv. red. A.B. Bezborodov; nauch. red. N.V. Eliseeva [History of the Communist Party of the Soviet Union / ed. A.B. Bezborodov; scientific ed. N.V. Eliseeva]. Moscow: Politicheskaya entsiklopediya, 2013. 671 p. [in Russian]
- Ahmanayev, 2023 – *Ahmanayev P.V.* Istoriya Kommunisticheskoy partii Sovetskogo Soyuz [History of the Communist Party of the Soviet Union]. Moscow: Fond “Russkie Vityazi”, 2023. 256 p. [in Russian]
- Argunov, 1918 – *Argunov A.* Navstrechu vragu [Towards the Enemy]. *Narodovlastiye* [People's Power]. Moscow, 1918. [in Russian]
- Babichenko, 1990 – *Babichenko L.G.* Pismo Stalina v «Proletarskuyu revolyutsiyu» i ego posledstviya [Stalin's Letter to “Proletarian Revolution” and Its Consequences]. *Vopros istorii KPSS* [Questions of the History of the CPSU]. 1990. № 6. Pp. 78–91. [in Russian]
- Borovikov, 2023 – *Borovikov A.P.* Marksistko-Leninskoe uchenie o diktature proletariata [Marxist-Leninist Doctrine on the Dictatorship of the Proletariat]. Moscow, 2014. 21 p. [in Russian]
- David Brandenberger, 2009 – *David Brandenberger* Nacional-bolshevizm. Stalinskaya massovaya kul'tura i formirovaniye russkogo natsional'nogo samosoznaniya (1931–1956) [National-Bolshevism: Stalin's Mass Culture and the Formation of Russian National Consciousness] (transl. from English). St. Petersburg: Akademicheskiiy proyekt. DNK Publishing, 2009. 287 p. [in Russian]
- Eskaliyev, 2023 – *Eskaliyev S.A.* KhKh ghasyrdaghy Kompartiia zhuyesinyñ qalyptasu tarykhnamasyngh kaisbir aspektleri [Some Aspects of the Historiography of the Formation of the Communist Party System in the 20th Century] // *Spravedlivyy Kazakhstan: teoriya i praktika politicheskoy modernizatsii v kontekste evolyutsii politicheskikh institutov*. Astana: Institut istorii gosudarstva, 2023. Pp. 40–41. [in Russian]
- Gimpelson, 1995 – *Gimpelson E.G.* Formirovaniye sovetskoy politicheskoy sistemy: 1917–1923 gg. [Formation of the Soviet Political System: 1917–1923] Moscow: Nauka, 1995. 232 p. [in Russian]

- Ilyin, 2011 – *Ilyin I.A. Natsional'naya Rossiya. Nashi zadachi* [National Russia: Our Tasks]. Moscow: Eksmo, 2011. 464 p. [in Russian]
- Iroshnikov, 1966 – *Iroshnikov M.P. Sozdaniye Sovetskogo Tsentral'nogo Gosudarstvennogo apparata Sovet Narodnykh Komissarov i narodnyye komissariaty. Oktyabr' 1917 g. – yanvar' 1918 g.* [Creation of the Soviet Central State Apparatus: Council of People's Commissars and People's Commissariats, October 1917 – January 1918]. Moscow: Nauka, 1966. 299 p. [in Russian]
- Istoriya Kommunisticheskoy, 2023 – *Istoriya Kommunisticheskoy partii Sovetskogo Soyuza / otv. red. A.B. Bezborodov; nauch. red. N.V. Eliseeva* [History of the Communist Party of the Soviet Union]. Moscow: Politicheskaya entsiklopediya, 2013. 671 p. [in Russian]
- Istoriya Rossii, 2009 – *Istoriya Rossii s 1917 do 1945 g.: Uchebnoye posobiye / S.P. Bobrova, O.E. Bogorodskaya, G.A. Budnik i dr.; pod obshchey red. G.A. Budnik* [History of Russia from 1917 to 1945: Textbook]. Ivanovo: Ivanovskiy gosudarstvennyy energeticheskiy universitet im. V.I. Lenina, 2009. 200 p. [in Russian]
- Istoriya Vsesoyuznoy, 1946 – *Istoriya Vsesoyuznoy Kommunisticheskoy partii (bol'shevikov). Kratkiy kurs* [History of the All-Union Communist Party (Bolsheviks). Short Course]. Moscow: OGIZ – GOSPOLITIZDAT, 1946. 223 p. [in Russian]
- Kara-Murza, 2023 – *Kara-Murza S. Sovetskaya tsivilizatsiya* [Soviet Civilization]. Moscow: Algoritm, vol. 1, 2001. 720 p. [in Russian]
- Kautsky, 2002 – *Kautsky K. Diktatura proletariata ot demokratii k gosudarstvennomu rabstvu. Bolshevizm v tupike* [Dictatorship of the Proletariat: From Democracy to State Slavery. Bolshevism at a Dead End]. Moscow: AOZT "ANTIDOR", 2002. 207 p. [in Russian]
- Koigeldiev, 2009 – *Koigeldiev M.K. Stalinizm i repressii v Kazakhstane 1920–1940-kh godov* [Stalinism and Repressions in Kazakhstan, 1920–1940s]. Almaty, 2009. 448 p. [in Russian]
- Kritzman, 1926 – *Kritzman L. "Geroicheskiy period Velikoy russkoy revolyutsii"* [The Heroic Period of the Great Russian Revolution]. Moscow: Gosudarstvennoye izdatel'stvo, 1926. 278 p. [in Russian]
- Lenin – *Lenin V.I. Polnoye sobranie sochineniy*. T. 35. S. 66–67 [Complete Works, Vol. 35, pp. 66–67]. [in Russian]
- Lenin, 1963 – *Lenin V.I. Polnoye sobranie sochineniy* [Complete Works]. Moscow: Gosudarstvennoye izdatel'stvo politicheskoy literatury, 5th ed., 1963. T. 4, pp. 205–206, 328, 291 p. [in Russian]
- Lenin, 1963 – *Lenin V.I. Polnoye sobranie sochineniy* [Complete Works]. Moscow: Gosudarstvennoye izdatel'stvo politicheskoy literatury, 1963. T. 39. Pp. 108. [in Russian]
- Marx, Engels – *Marx K., Engels F. Sochineniya*. Izdanie 2-e. T. 7. S. 91 [Works. 2nd ed., Vol. 7. P. 91]. [in Russian]
- Marx, Engels, 1955 – *Marx K., Engels F. Sochineniya*. Izdanie 2-e [Works. 2nd ed.]. Moscow: Gosudarstvennoye izdatel'stvo politicheskoy literatury, 1955. 650 p. T. 3, pp. 32–33; T. 4. Pp. 435, 437–438, 446. [in Russian]
- Omarbekov, 2003 – *Omarbekov T. Qazaqstan tarykhynyn XX ghasyrdaghy ozekti meseleleri. Komekshi oku quraly* [Topical Issues of the History of Kazakhstan in the 20th Century. Supplementary Textbook]. Almaty: Óner, 2003. 552 p. [in Kazakh]
- Piontkovsky, 1923 – *Piontkovsky S.A. Oktyabr'skaya revolyutsiya v Rossii, eye predposylki i khod: popularno-istoricheskiy ocherk* [The October Revolution in Russia, Its Preconditions and Course: A Popular-Historical Essay]. Moscow; Petrograd: Gosudarstvennoye izdatel'stvo, 1923. 124 p. [in Russian]
- Pipes, 1994 – *Pipes R. Russkaya revolyutsiya. Ch. 2* [The Russian Revolution, Vol. 2]. Moscow: Rossiyskaya politicheskaya entsiklopediya, 1994. 576 p. [in Russian]
- Simonov, 1993 – *Simonov N.S. Termidor, bryumer ili fryuktidor? Evolyutsiya stalinskogo rezhima vlasti: prognozy i real'nost'* [Thermidor, Brumaire, or Fructidor? Evolution of the Stalinist Regime of Power: Predictions and Reality] // *Otechestvennaya istoriya*. 1993. № 4. pp. 17. [in Russian]
- Smutnoye vremya, 2014 – *Ayagan B., Auanasova A., Nurpeisov E. Smutnoye vremya. Neizvestnye stranitsy izvestnoy istorii* [Time of Troubles: Unknown Pages of a Famous History]. Almaty: TOO Litera-M, 2017. 320 p. [in Russian]
- Sochinenie, 1895 – *Marx K., Engels F. Sochinenie* [Works]. 2nd ed., Vol. 22, pp. 519–548; *Die Neue Zeit*. Bd. 2. № 27–28, 1894–1895; *Marx K. Die Klassenkämpfe in Frankreich 1848 bis 1850* [The Class Struggles in France 1848–1850]. Berlin, 1895. [in Russian, German]
- Stalin – *Stalin I.V. O nekotorykh voprosakh istorii bolshevizma. Pis'mo v redaktsiyu zhurnala "Proletarskaya revolyutsiya"* [On Some Questions of the History of Bolshevism. Letter to the Editorial Office of the Journal "Proletarian Revolution"] // *Sochinenie*. Vol. 13, pp. 84–102. [in Russian]
- Stalin – *Stalin I.V. Sochineniya*. T. 8, pp. 33 [Works, Vol. 8, p. 33]. [in Russian]
- Svyatitsky, 1924 – *Svyatitsky N.V. Krakh uchredilki (glavy iz knigi). Kolchakovshchina. Sb. / Pod red. N. Rayvida i V. Bykova* [The Collapse of the Constituent Assembly (Chapters from the Book). Kolchakism. Collection / Ed. N. Rayvid and V. Bykov]. Yekaterinburg, 1924. [in Russian]
- Tugan-Baranovsky, 1919 – *Tugan-Baranovsky M.I. V poiskakh novogo mira* [In Search of a New World]. Moscow, 1919. [in Russian]
- Zakharovskiy, 2019 – *Zakharovskiy L.V. Istoriya Rossii sovetского perioda* [History of Russia in the Soviet Period]. Yekaterinburg: RGPPU, 2019. 211 p. [in Russian]
- Zallesskiy, 2000 – *Zallesskiy K.A. Imperiya Stalina. Biograficheskiy entsiklopedicheskiy slovar'* [Stalin's Empire: Biographical Encyclopedic Dictionary]. Moscow: Veche, 2000. 487 p. [in Russian]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN–KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIYA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

Сулейменова А.Т.РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117**Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.**ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136**Молдин Б.А., Мәден А.Т.**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148**Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.**

ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166

Рахметова Ә., Сарсембаева Г.ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177**Есназарова З.Б.**АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189**Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205**Шолахов М.Г., Алпысбес М.А.**

РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215

Мамраймов С.Д.1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230**Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.**КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245**Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.**КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М.

АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына

КЕСІЛГЕН ДІН ӨКІЛДЕРІ.....1271

Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р.

XIV ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында

болған індет.....1284

Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....1293

Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ

ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ.....1304

Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A.

KAZAKH-OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL

TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15th – EARLY 17th CENTURIES).....1319

Ерғабылов А.Е.

ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ІЛЕ АЛАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ

ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

(1991-2023 ЖЖ. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ).....1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru